

Орал қалалық мәслихатының 2013 жылғы 20 қарашадағы № 18-4 "Орал қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 31-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қаңтарда № 3776 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2020 жылғы 12 ақпандағы № 40-8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 12.02.2020 № 40-8 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Орал қалалық мәслихаты

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Орал қалалық мәслихатының 2013 жылғы 20 қарашадағы № 18-4 "Орал қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3376 тіркелген, 2013 жылғы 30 желтоқсандағы "Жайық үні - Жизнь города" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Орал қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасының 9-тармағында:

- 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) онкологиялық ауруларына, туберкулез ауруларына аурулығын дәлелдейтін анықтама негізінде табысын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде;";

6) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"6) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдарға және 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталмаған адамдарға санаторлық-курорттық емделуді алушы ағымдағы жылға жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаржы көлемінде көрсетіледі;";

көрсетілген қағиданың 3-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Орал қалалық мәслихаты аппаратының басшысы (Р. Сергалина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Л. Тұрсынова

Мәслихат хатшысы

А. Әубекеров

"КЕЛІСІЛГЕН"

Батыс Қазақстан облысы

әкімінің орынбасары

Б. Мәкен

22.12.2014 ж.

О р а л	қ а л а л ы қ	м ә с ли х а ты ны ң
2 0 1 4	ж ы л ф ы	ж е л т о қ са н да ф ы
№	3 1 - 4	ш е ш і м і н е
к о с ы м ш а		
О р а л	қ а л а с ы н ы ң	
ә л е у м е т т і к	к ө м е к	к ө р с е т у ,
о н ы ң	м ө л ш е р л е р і н	б е л г і л е у
ж ә н е	м ұ қ т а ж	а з а м а т т а р д ы ң
ж е к е л е г е н	с а н а т т а р ы н ы ң	
т і з б е с і н	а й қ ы н д а у	қ ағ и д а с ы на
3-қосымша		

**Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері бірынғай мөлшерін белгілеу туралы**

№	Алушылардың жекелеген санаттарының тізбесі	Әлеуметтік көмектің мөлшері (тенге)
1	1. Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары	150 000
2	Женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдар:	
	1) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін енбек өткерген жылдарына 1998 жылды 1 қантарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар	60 000
	2) коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар	60 000
	3) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары	60 000
	4) бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан – Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ишкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жаараланған, контузия алған немесе закымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер	30 000
	5) 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы обьектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқандар	30 000
3	Женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілгендер адамдар:	
	1) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жааралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін етеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер	30 000
	2) әскери міндеттін орындау кезінде жааралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар	30 000
	3) басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жааралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер	30 000
	4) Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы обьектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан	

	мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алды себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары	30 000
4	Жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысуышыларға тенестірілген адамдардың басқа да санаттары:	
	1) Ауганстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы	20 000
	2) бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы	20 000
	3) Чернобыль АЭС-індегі апаттың, авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы	20 000
	4) Чернобыль АЭС-індегі апаттың радиациялық апаттар мен авариялардың, салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы	20 000
	5) 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысан, оқшаулау аймагынан Қазақстан Республикасына коныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар коныс аудартқан күні анасының курсағындағы балаларды қоса алғанда	10 000
	6) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға тенестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысуышылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алудың нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері)	15 000
	7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар	15 000
5	1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткөрген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталмаған адамдар	10 000
6	18 жасқа дейінгі мүгедек балалар	10 000

Ескерту: аббревиатуралардың шешуі:

АЕК – айлық есептік көрсеткіш;

КСР Одағы – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы;

Чернобыль АЭС – Чернобыль атомдық электростанциясы.